

Қазақстан Республикасының аумағындағы өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауға байланысты шетелдік өтінім берушілердің заңдық маңызы бар әрекеттері үшін алынатын баж салығын төлеу тәртібі мен мөлшері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 сәуір 1993 ж. N 266 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.03. N 1139 қаулысымен.

Шетелдік азаматтар мен фирмаларды өнеркәсіп меншігі объектілеріне Қазақстан Республикасының қорғау құжаттарын алуға мүдделі ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының аумағындағы өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауға байланысты шетелдік өтінім берушілердің заңдық маңызы бар әрекеттері үшін алынатын баж салығын төлеудің осыған қосылған тәртібі мен мөлшері бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 6 сәуірдегі
N 266 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағындағы өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауға байланысты шетелдік өтінім берушілердің заңдық маңызы бар әрекеттері үшін алынатын баж салықтарын төлеудің тәртібі мен мөлшері

Баж салықтарының мөлшері АҚШ долларымен белгіленген және сол кездегі АҚШ доллары жөнінде қолданылып жүрген курсы ескере отырып басқа да валютамен төленуі мүмкін.

Баж салықтарын шетелдік өтінім берушілердің Қазақстан Республикасында өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауға байланысты мынадай заңдық маңызы бар әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы төлетіреді:<*>

(Кесте)

ЕСКЕРТУ. Кестенің аудармасы жоқ, кестені орысшадан қараңыз.

Патенттің немесе алдын ала патенттің толық жыл бойы қолданылуы үшін жылдық баж салығы төленеді. Өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патентті, пайдалы модельге патентті күшінде сақтау үшін жылдық баж салығының бірінші жарнасы қорғау құжатын беру үшін төленетін баж салығымен бір мезгілде төленеді.

Өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне патентті күшінде сақтау үшін жылдық баж салығының бірінші жарнасы патент беруге төленетін баж салығымен бір мезгілде төленеді.

Алдын ала патенттің немесе патенттің әрбір келесі жылда қолданылуы үшін баж салығы тиісті қорғау құжаты қолданылып жүрген жыл өтпей тұрып төленеді.

Жылдық баж салығы белгіленген мерзімнен кейін, бірақ одан кейін 6 айдан кешіктірмей төленген жағдайда баж салығының мөлшері 50 процент арттырылады. Төлеу мерзімін 6 айдан асырып алған кезде өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патенттің, өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне және пайдалы модельге патенттің қолданылуы тоқтатылады.

Кез келген адамға лицензия (ашық лицензия) алу құқығын беру үшін Қазпатентке тиісті арыз берілген болса, патентті күшінде ұстағаны үшін баж салығы осы арыз жарияланған күннен бастап 50 процентке азайтылады.

ЕСКЕРТУ. Тәртіптің 2-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.